14 Ақыл байлық – тозбас байлық.
Akıl zenginliği, yıpratmayan servettir.

15 Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады.
Güçlü kolu olan bir kişiyi yener, güçlü bilgisi olan bin kişiyi yener.

16 Алтын шірімес, ақыл арымас.
Altın zarar görmez, bilgelik tükenmez.

17 Оқыған – күн, оқымаған – түн.
Okuyan ışık, okumayan karanlık.

18 Жердің сәні – егін, ердің сәні – білім.
Yerin güzelliği bitkiler, erin güzelliği bilgiler.

19 Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын.
Deve kadar boyun olacağına düğme kadar beynin olsun.

20 Қарғыстың ең жаманы – өзің білме, білгеннің тілін алма.
Lanetin en büyüğü: kendin bilme, bileni de dinleme.

21 Ақылдыға ерсең, адаспайсың.
Bilgeyi dinlersen kaybolmazsın.

22 Қатты жерге егін шықпас, қаңғыған басқа білім жұқпас.
Sert toprakte ekin yetişmez, akılsız kafaya bilgi girmez.

23 Әйел мен ерді бала қосады, халықты дана қосады.
Bebek, eşlerin birliğini güçlendirir, bilge miletin birliğini güçlendirir.

24 Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыға ақыл қос.
Öfke-Düşman, Akıl-Dost, Kendi aklına akıl ekle.

25 Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.
Dostlar çok iken düşman korkunç değil, Akıl çok iken de tartışma sorun değil.

26 Ақымаққа арнап заң жазылмас.
Aptala kanun yazılmaz.

27 Білімсіз адамның сөзі білектей, білімді адамның сөзі жібектей.
Cahilin sözü tehdit gibidir, alimin sözü ise ipek gibidir.

28 Ақылдының сөзі қыска, айта қалса – нұсқа.
Akıllının sözü kısadır ve her sözü öğreticidir.

29 Ақымақтың ақылы білегінде, ақылдының ақылы жүрегінде.
Aptalın aklı yumruğundadır, bilgenin yumruğu kalbindedir.

30 Ақылды мақтанса – істі тындырар, ақымақ мақтанса – аяғын сындырар.

Akıllı iş yaptığı için övünür, ahmak ayağını kırdığı için övünür.

31 Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді.
Akıllı ahmaktan da bir şey öğrenir.

32 Адамға ақыл көптік қылмайды.
İnsan için çok fazla akıl olmaz.

33 Ақылсыз достан ақылды дүшпан артық.
Akılsız dosttan akıllı düşan iyidir.

34 Тәуекел тау жығады.
Cesaret dağı yerinden oynatır.

35 Өжет өлімнен қаймықпас.
Cesur ölümden korkmaz.

36   Қаһарлы қамал бұзады.
Cesaret kala alır

37   Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда.
Gayret varsa aşırı iş yoktur.

38 Тізерлеп жүріп күнелткеннен, тік жүріп өлген артық.
Sürünerek yaşamaktansa ayakta durarak ölmek evladır.

39 Ақыл жетпес айла жоқ, батылдық алмас қамал жоқ.
Az akılla kurnazlık olmaz, cesaretin almadığı kale kalmaz.

40 Ебін тапқан екі асар.
Kim cesaret ettiyse o iki defa yer.

41 Ерлік білекте емес, жүректе.
Erkeklik bileklerin gücünde, cesaret ise kalbin.

42 Ерлік егесте керек.
Ere mücadele gerek.

43 Шапшаң жүргенге шаң жұқпас.
Hızlı gidene toz konmaz.

44 Қимылдаған қыр асар.
Tepeyi giden aşar.

45 Жоқ іздеген жоғалғанды табады.
Arayan bulur.

46 Көз – қорқақ, қол – батыр.

Gözler korkar, kollar yapar.

47 Шапқан озар, жатқан қалар.
Koşan yetişir, yatan kalır..

48 Іздеген табады, сұраған алады.
Giden bulur, isteyen alır.

49 Өлімнен басқаның бәріне асық.
Ölüm dışında acele et.

50 Іздеген мұратына жетеді.
Arayan amacına ulaşır.

51 Армансыз адам алысқа бармас.
Hayalsiz adam uzağa gidemez.

52 Жақсы ниет – жарым ырыс.
İyi niyet zenginliğin yarısıdır.

53 Арман – адамға қанат.
Hayal, insanın kanıdıdır.

OKUMA PARÇALARI



METİN / MƏTIН

МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Менің атым Нағіма. Менің фамилиям Алтынбаева. Мен он алты жастамын. Менің отбасымда шешем, әкем, мен және інім бар. Менің шешемнің аты Шолпан. Ол 38 (отыз сегіз) жаста. Бухгалтер болып қызмет етеді. Менің інімнің аты Талғат. Ол төртінші сыныптын оқушысы. Ол он жаста.

Мен мектепті әмамдап қалдым. Мен университеттің тарих факултетіне түскім келеді.

Менің отбасым өте тату тұрады. Мен өз отбасымды өте жақсы көремін және құрметтеймін. Біздің отбасымыздың достары көп. Біздің үй қашанда думанға толы.

BENİM AİLEM

Benim adım Nağima’dır. Benim soyadım Altınbayeva’dır. Ben on altı yaşındayım. Benim ailem baba, anne, küçük erkek kardeşim ve benden oluşmaktadır. Annemin adı Şolpan’dır. O, 38 (otuz sekiz) yaşındadır. O, muhasebecidir. Benim babamın adı Nurlan’dır. O, tesisatçıdır. O, 40 yaşındadır. Benim erkek kardeşimin adı Talğat’tır. O, okula gidiyor. O, dördüncü sınıf öğrencisidir. O, on yaşındadır.

Ben okulu bitiriyorum. Ben üniversitenin tarih fakültesine başlamak istiyorum.

Benim birleşik bir ailem vardır. Ben kendi ailemi çok severim ve hürmet ederim. Bizim ailemizin çok dostu vardır. Bizim ev her zaman gürültülüdür.

KELİMELER

Өз	Benim	**Қауіптену**	Korkmak
Бөлме	Oda	**Соң**	Sonra
Петер	Daire	**Түсу үшін**	Giriş için
Тұру	Yaşamak	**Бұдан да үлкен**	Daha fazla
Колледж	Kolej	**Дайындық**	Hazırlık
Оқу	Okumak	**Таңдау**	Seçim
Алыс емес	-den uzak değil	**Бірнеше**	Geniş
Биыл	Bu yıl	**Түрлер**	Türler
Бітіру	Mezun olmak	**Бірақ**	Fakat
Қазіру	Şimdi	**Басқару**	Yönetim
Емтихан	Sınav	**Қаржы**	Finans
Тапсыру	Geçmek	**Қалау**	Tercih etmek
Алгебра	Cebir	**Экономікалық**	Ekonomi
Информатика	Bilgisayar Bilimleri	**университет**	Üniversitesi
Дайын болу	Hazır olmak	**Түсу**	Girmek
Тек	Ama	**Тырысу**	Denemek
Аздап	Bir parça	**Ол**	Bu
Ол...	Bu…..	**Қала**	Şehir
....деп ойлаймын	…..düşünüyorum	**Екі жыл бұрын**	İki yıl önce
Біздің алдымызда ... бар	Bizde şimdi ……var	**Ашылу**	Bulmak
.....Уакыт та қалмайды	….vaktimiz kalmadı	**Жақсы көретін**	Beğenmek
Мен ... жақсы көремін	Ben ….beğeniyorum	**Гитара ойнау**	Gitar çalmak
Мен ... өте жақсы көремін	...çok beğeniyorum	**Бұл**	Bu
Менде ... бар	Bende….var	**Айналысу**	Katılmak
Осының бәрімен жүргенде	Çok meşgulüm	**Бірге оқыған**	Sınıf arkadaşı
Жинақ	Koleksiyon	**Көптеген басқа**	Çok başkaları
...ғана емес	…..yanında	**Жолдас**	Yoldaş, arkadaş
Ит	Köpek	**Айырмашалық**	Aksine
....де	…de	**Рок музыка**	Rock müzik
Әсіресе	Özellikle	**Көп**	Geniş
Қасқыр иті	Çoban köpeği	**Пластинка**	Kayıt
		Біреу	Bir
		Жақсы	İyi, güzel

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Менің атым Дәурен. Менің фамилиям Асылбеков. Мен он алты жастамын.

Мен өз отбасымен төрт бөлмелі пәтерде тұрамын.

Мен колледжде оқымын. Менің колледжім үйден алыс емес. Мен 11-ші сыныпта оқимын, биыл оқуды бітіремін.Мен қазір емтихан тапсыруға дайындалып жатырмын. Мен алгебра мен информатикаға дайынмын, тек аздал тарих пен ағылшын тілінен қауіптенемін.

Колледжді бітірген сон, университетке түсу үшін бұдан да үлкен дайындықтар керек деп ойлаймын. Біздің алдымызда тандауға оқудың бірнеше түрлері бар, бірақ мен басқару тырысамын, ол біздің қалада екі жыл бұрын ашылған.

Осының бәрімен жүргенде, менің жақсы көретін ісіме гітара ойнауға уақыт та қалмайды. Мен бұл іспен айырмашалығым рок музыкасын өте жақсы көремін. Әсіресе қасқыр иттерді. Менде біреу бар, ол менің жақсы досым.

KENDİM HAKKIMDA

Benim adım Dauren’dir. Benim soyadım Asılbekov’dur. Ben on altı yaşındayım.

Ben ailemle birlikte dört odalı bir dairede yaşıyorum. Ben kolejde okuyorum. Benim kolejim evimden çok uzak değil. Ben on birinci sınıftayım ve bu yıl okulu bitireceğim. Ben sınavlar için hazırlanmaktayım. Ben cebir ve bilgisayar bilimlerinde iyiyim ama tarih ve İngilizce derslerinde o kadar iyi değilim.

Koleji bitirdikten sonra, üniversiteye giriş sınavları için hazırlık endişesine sahip olacağım. Şimdi, yükseköğretim kurumları için geniş bir tercihe sahibiz ama ben yönetim ve finans ile ilgilenmeyi tercih ederim. Bence iki yıl önce kurulmuş olan Ekonomi Üniversitesi’ne girmeyi denemeliyim.

Meşgul olduğum için gitar çalma hobim için fazla zamanım yok. Bizim kolejde gerçekten bir müzik grubuna katılmıştım. Sınıf arkadaşlarımın ve dostlarımın çoğunun aksine ben rock müziği çok severim. Ben geniş bir kayıt ve CD koleksiyonuna sahibim. Müziğin yanında köpekleri severim. Özellikle çoban köpeklerini... Bende bir tane var. O benim en iyi arkadaşımdır.

KELİMELER

Жогаргы жақ	Yukarı parça	**Сол жақ**	Sol (el)
Қабат	Kat	**Айна**	Ayna
...басқа	Yanında	**Оң жақ**	Sağ
Ас бөлме	Mutfak	**Кішкентай**	Küçük
Жуынатын бөлме	Banyo	**Өз**	Benim
Төргі бөлме	Oturma odası	**Талғам**	Tat
Үлкен	Büyük	**Жабдықтау**	Tasarlamak
Терезе	Pencere	**Мұнда**	Burada
Қар жамылған	Karlı	**Жиһаз**	Cihaz
Тау	Dağ	**Тек қана**	Sadece
Дөңгелек	Yuvarlak	**Жату**	Uyumak
Үстел	Masa	**Орындық**	Sandalye
Айнала	Boyunca	**Жұмыс үстелі**	Çalışma masası
Қабырға	Duvar	**Музыка орталығы**	Müzik seti
Қабырғаға тақау	Duvarda	**Қағу**	Çakmak
Шкаф пен диван	Dolap ve divan	**Бірнеше**	Bazı, biraz
Орналасу	Yerleştirmek	**Кітап сөрелері**	Kitap rafları
Бұрыш	Köşe	**Осында**	Orada
Кресло	Koltuk	**Кір жуғыш машина**	Çamaşır makinesi
Аумақ	Bölge	**Ұстау**	Korumak
Шағын ғана	Küçük	**Таңғажайып..көрінеді**	nun güzel görüntüsü
Ата ана	Anne-baba	**Осында..тұр**	orada…dır.
Кереует	Yatak	**Өз талғамым бойынша**	Benim tatmama
Көп...жоқ	Biraz..		
Ас ішу	Yemek yemek		

МЕНІҢ ПӘТЕРІМ

Мен Алматының жоғаргы жағында, үш бөлмелі үйде тұрамын.

Біздің пәтеріміз төртінші қабатта. Біздің пәтерімізде, бөлмелерден басқа және жуынатын бөлме, бар.

Төргі бөлмеде үлкен екі терезе бар. Одан таңғажайып қар жамылған таулар көрінеді.

Осында деңгелек үстел жене үстелді айнала алты орындык тұр. Кабырғаға тақау шкаф пен диван орналасқан. Төргі бөлмесінің бұрышында екі үлкен кресло тұр.

Екінші бөлменің аумағы шағын ғана. Ол менің ата анамның бөлмесі. Онда екі кереует тұр. Сол жак бұрышта айна, терезенің оң жағында кішкентай үстел тұр.

Үшінші бөлме менікі. Мен оны өз талғамым бойынша жабдықталғамын. Мұнда көп жиһаз жоқ, тек қана мен жататын диван, екі орындык, жұмыс үстелім, үлкен музыка орталығы жене қабырғаға қағылған бірнеше кітап сөрелері бар.

Біздің ас бөлмеміз үлкен, осында ас ішеміз.

Жуынатын бөлмеде кір жуғыш машина ұстаймыз.

BENİM DAİREM

Ben Almatı’nın yukarı bölümünde bir evde yaşıyorum.

Bizim üç odamız var. Bizim daire dördüncü kattadır. Odaların yanında dairemizde mutfak, banyo ve bir klozet vardır.

Oturma odasının karlı dağların manzarası ile iki büyük penceresi vardır. Büyük yuvarlak masa odanın ortasındadır ve etrafında 6 sandalye vardır. Duvarda dolap ve divan vardır. Köşelerde ise iki büyük koltuk vardır.

İkinci oda daha küçüktür. Bu benim anne ve babamın odasıdır. İki yatak, bir ayna sol köşede ve küçük bir makyaj masası pencerenin sağındadır.

Ben kendi keyfime göre tasarladım. Burada küçük bir mobilya vardır: sadece uyuduğum bir divan, iki sandalye, çalışma masam, büyük bir müzik seti ve duvarda bazı kitap rafları vardır.

Bizim mutfağımız büyüktür ve biz yemekleri orada yeriz.

Biz çamaşır makinemizi banyoda tutarız.

KELİMELER

Жұмыс күні	İş günü	**Аптасына..күн....**	…haftasına…gün
Ылги	Genellikle	**Үйге келу**	Eve gelmek
Таңғы	Sabahleyin	**Келесі**	Gelecek
Сагат	Saat	**Күн**	Gün
Тұру	Kalkmak	**Үйге берген тапсырма**	Ev ödevi
Жуыну	Yüz yıkamak	**Орындау**	Yapmak
Тісті тазалау	Dişleri fırçalamak	**Кірісу**	Başlamak
Таңертеңгі ас	Kahvaltı	**Кездесу**	Görüşmek
Ішу	İçmek	**Аулага шыгу**	Dışarı çıkmak
(с)одан кейін	Ondan sonra	**Кешкі ас**	Akşam yemeği
Таңертеңгі	Sabah	**Кейін**	Sonra
Автобус	Otobüs	**Шамалы**	Az bir parça
Өйткені	Çünkü	**Көмектесу**	Yardım etmek
Бірінші	Birinci	**Теледидар**	TV
Сабақ	Ders	**Көру**	İzlemek
Басталау	Başlamak	**Жататынбөлме**	Yatak odası
Тәртіп бойынша	Kural olarak	**Бару**	Gitmek
Күніне.....сабақ....	…gününe…dersi	**Аздап**	Azıcık
Оқу	Okumak	**кітап**	Kitap
Ұйықтардың алдында	Uyumadan önce		

МЕНІҢ ЖҰМЫС КҮНІМ

Мен ылғи таңғы сағат жетіде тұрамын.

Мен жуынамын, тісімді тазалаймын. Таңертеңгі асымды 07:30 да (жеті саат отыз минутта) ішемін. Одан кейін таңертеңгі сағат сегізде автобуспен колледжге кетемін, өйткені бірінші сабақ 08:30 да (сегіз отызда) басталады.

Тәртіп бойынша біз күніне төрт сабақ оқимыз, аптасына бес күн.

Мен үйге сағат 17:00 де келіп, келесіүннің үйге берген тапсырмасын орындауға кірісемін.

Мен сағат 19:00 да жолдастарыммен көздесу үшін аулаға шығамын.

Кешкі астан кейін мен шамала ата анама көмектесемін. Содан кейін теледідар көремін.

Сағат он бірде жататын бөлмеме барамын, ұйықтардың алдында аздап кітап оқимын.

BENİM İŞ GÜNÜM

Ben genellikle sabah saat yedide kalkarım.

Yüzümü ve ellerimi yıkarım ve dişlerimi fırçalarım. Saat 07:30'da kahvaltımı yaparım. Sonra saat 08:00'de otobüsle koleje giderim çünkü birinci ders 08:30'da başlamaktadır.

Kural olarak haftanın 5 gününde 4 ders alıyorum.


Ben eve yaklaşık saat 17:00'de gelirim ve gelecek gün için ev ödevimi yapmaya başlarım.

Ben arkadaşlarımla saat 19:00'da dışarıya çıkarım.

Akşam yemeğinden sonra, anne babama yardım ederim. Sonra TV izlerim.

Saat onbirde yatak odama giderim ve yatmadan önce biraz kitap okurum.

БАРЫШ МАНЧО ЕСКЕ АЛЫНДЫ



Түріктің атақты әншісі Барыш Манчо өлімінің 15-ші жылдығында еске алынды

Барыш Манчоның Канлыджадағы қабіріне бару үшін оны жақсы көрген қауым өнерпаздың аты берілген қалалық пароммен жолға шықты. Жолда бара жатқанда Барыш Манчоның әндері тілдерден түспеді. Канлыджадағы Михримах Сұлтан мазарындағы қабірі басында болса қайғы бар еді.

Манчоның қабірі басында дұғалар оқылды, кейбір қайрандары көз жасын төкті. Манчоның жұбайы Лале Манчо Барыш Манчоның қабірін гүлдермен безендірді.

Еске алу мерәсіміне жанұясы, жанкүйерлері және достары қатысты.[16]

[16] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=07f0e17b-7743-464c-9a0d-af668c0d3ea2

САФРАНБОЛУҒА ТУРИСТТЕР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ КӨРСЕТУДЕ

2012 жылы 160 мың болған турист саны 2013 жылы аяғында 260 мыңға шықты



Сафранболу Анкараның солтүстігінен 220 км қашықтықта, Қаратеңіздің оңтүстігінен 90 км қашықтықта орналасқан қала. Оңтүстігінде Карабүк орталық ауданымен шекаралас.

Сафранболу 1994 жылы 17 желтоқсанда Түркияның тоғыз обьектісімен бірге ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралары тізіміне ілінген.

Бұл мәртебеге қалада орналасқан классикалық Осман архитектурасы туындыларының арқасында жетеді. Соңғы жылдарда туристтер бұл қалаға қатты қызығушылық көрсетуде.

2012 жылы 160 мың болған турист саны 2013 жылы аяғында 260 мыңға шықты[17].

[17] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=8db72081-ba76-4966-80f3-bef07c7e263f

ТҮРКИЯ ЭКСПОРТЫ АРТТЫ

Түркия 2013 жылы жалпы экспорт 151 миллиард 869 миллион долларға жетті



Түркия Статистика Ұйымы жариялаған санды мәліметтерге қарағанда желтоқсан айында экспорт 13 миллиард 220 миллион долларға жеткен.

Экспорт 2013 жылы желтоқсан айында 2012 жылғы ұқсас мезгілмен салыстырғанда 4.9 пайыз артып, 13 миллиард 220 миллион долларға жеткен.

Импорт 16.7 пайыз артып, 23 миллиард 137 миллион доллар болды.

Еуропа Одағы елдеріне экспорт 6.6 пайыз артты.

2013 жылы ең көп экспорт жасалған ел Ирак болды.

Импортта алғашқы орынды Алмания иеледі.

Желтоқсан айындағы санды мәліметтердің жариялануымен 2013 жылғы экспорт санағы да анықталды.

2013 жылы жалпы экспорт 151 миллиард 869 миллион долларға жеткен.

2013 жылғы жалпы импорт 251 миллиард 651 миллион доллар болды.[18]

[18] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=aed249d0-941f-4535-a5ca-f60597421be0

ЭКВАТОРДА ТУНГУРАУА ЖАНАРТАУЫ АТҚЫЛАЙ БАСТАДЫ



Жанартаудан шашылған алаулардың тұманы 4 километр биіктікке дейін ұшты.

Экваторда Тунгурауа жанартауында волкан атқылай бастады.

Эквадордағы Тунгурауа жанартауының әрекеттенуі алаң туғызуда.

Тунгурауа жанартауы шашқан күлдер елдегі 24 қаланың үштен біріне дейін тарады.

Жанартаудан шашылған алаулардың тұманы 4 километр биіктікке дейін ұшты.

Айналаны торлаған тұман себепті халық далаға маке тақпай шыға алмайтын күйге келген.

Эквадордың астанасы Кито қаласының 140 километр оңтүстігіне орналасқан 5 мың 23 метр биіктіктегі Тунгурауа жанартауының атқылай бастауына орай, кейбір мектептер демалысқа жіберілген, бір әуежай уақыттық жабылған. [19]

---

[19] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=2b078a20-fde3-41dd-9e74-f68c21c930de

ТҮРІК КОФЕСІ



Ерекше дәмі, көбігі, иісі, пісірілуі және ұсынылуымен түріктерге тән жалғыз кофе.

14-ғасырдың басында Оңтүстік Эфиопиядан әлемге тараған белгілі кофені Стамбулға сол кездегі Йемен әкімі Өздемир Паша 1517 жылы алып келген. Осында кофенің шикі дәндері қауырылып, келсапта ұнтатылып, арнайы ыдыста пісіріле бастаған соң Түрік кофесі деген атауға ие болады.Түрік кофесінің дәмі мен атағы Стамбулға келген венециялық және марсилиялық саудагерлер арқылы Еуропадан бастап бүкіл әлемге тарайды.

Османлы елшілерінің де үлесін ұмытпау керек. 1669 жылы Османлы елшісі Хошсохбет Нүктедан Сүлейман Ага Франция королімен кездесу мақсатымен Парижге жолданады. Осы кезде өзіне серік болған 20 адамдық делегациясы түрік кофесін Париж асылтектілеріне ұсынады. Түрік кофесінің ұнатылғаны соншалықты Ага Париждан кетіп бара жатқанда, кофешісі Парижде қалып, кафе ашады.1683 жылы болса Османлы ордасы 250 кг кофені кері шегініп бара жатып, Вена қақпасында тастауға мәжбүр болады. Вена әскерлері осы іші кофе толы қаптарды түйенің жемі деп Дунай өзеніне төгейін деп жатқанда түрік мәдениетін жақыннан танитын тыңшы Джордж Колшитский осы кофемен Венада бір кафе ашады.

Түрік кофесінің ауыздағы дәмі пісірілген кезде қалыптасқан мақпалдай көбігі арқылы ұзын уақыт әсер қалдырады. Осы көбік кофенің тез салқындауына да кедергі болады. Басқа көптеген кофе түріне қарағанда қою, тығыз және хошиісті. Қайнатып ішілетін жалғыз кофе. Қанты пісірілген кезде қойылады. Кофе балы болса кейбіреулерге шыныменен де күн көріс көзі болған.

Түрік кофесі көбіне таңертең таңғы астан кейін ішіледі. Бірақ бүгін қай уақытта болмасын керемет иісіне шыдай алмайсың. Тіпті денсаулыққа пайдаларын естігеннен кейін күніне екі шыны түрік кофесін ішу сүйсіндіріп, рахаттандырып қана қоймайды, мәжбүрлік болып есептеледі. Себебі кофенің ішіндегі кафеин жүйке жүйесіне әсер етіп, мидың белсенділігін арттырады. Энергия береді. Күніне кішкене екі шыны түрік кофесін ішу тоқ ішек рагы рискін 25 пайыз, өттегі тас рискін 45 пайыз азайтады. Омырау және ұйқы безі рагында ісікті кішірейтеді, цирроз ауруының алдын алады, депрессия сынды жабығып, тарығып, сары уайымға түскенге ем болады.

Дүние жүзіндегі басқа кофе түрлерінен өзгеше түрік кофесі асығып ішілетін кофе емес. Түріктер бір-біріне «кофе ішу үшін» қонаққа барады, бірнеше сағат әңгімелесіп отырады. Тұрмыс құру шағына жеткен жастар үшін де бас тартылмайтын кофе дәстүрі бар. тұрмыс құратын қыз бала кофе пісіріп, болашақ жұбайының ата-анасына ұсынады[20].

[20] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=9be2afbb-9c99-4eee-9909-d9c788512a87

Түркияның перілер жұмағы - Каппадокия



Тамаша түс туралы не айтуға болады? Жаңа күнді жақсы бастаудың алғы шарты ма? Соқыр сезім бейнесі ме әлде тамаша ұйқының бір бөлшегі ме? Түсті көбіне ұмытамыз, бірақ кейбірі барлық егжей-тегжейімен еш ұмытылмайды. Міне, мен де осындай түс көрдім...

Бір сайдың тап ортасындамын, шөлге ұқсас, бірақ шөл емес, төңіректе барлық нәрсе құмның түсіндей. Керемет ағаштар өсіп тұр. Табиғат сөйлеп тұрғандай. Түсім бойы еш аузымды ашқан жоқпын, себебі керек емес еді. Төңірегімдегі барлық нәрсенің аузы бардай, тілі бардай сөйлеп тұрды. Сайдың төңірегі өте ірі, бірақ еш қимылдамай тұрған адамдарға толы болатын. Адамға ұқсайды, иә. Бойлары ұзын, барлығының басында бас киімі. Кеуделері ашық түсте, бірақ бас киімдері қою. Қайда екенімді білмей тұрмын. Кішкене жүрдім. Алдымнан шыққан не? Ұшы қиыры жоқ жазық, жазықтық қимылдамастан тұрған адамдарға толы. Маған бір нәрсе түсіндіргісі кеп тұрғандай. Қорқынышты емес, дәл ертегідегідей.

Бір қапталмен тұрған, тіке тұрған, күліп тұрған, жылап тұрған, бірінің алдында құрметпен иілген, отырған, ашулы, сүйкімді, бақытты, бақытсыз әртүрлі адам. Бұл жердің ертегі елі ме, әлде басқа бір жер ме? Осыны түсінуге тырысып тұрмын. Әрі шындық, әрі осыншама тамаша бола ма? Бала кезімде оқыған ертегілердегі жерлерге ұқсайды, ертегінің ішінде жұмақ. Онда мен көрген адамдар да пері болуы керек. Әрқайсысының бір-бір үйі бар. Денелері үйлерінде іспеттес.

Жүрген сайын оларға үйреністім. Бұл жер олардың елі. Осыны түсіндім. Мен –жатпын. Барлығы маған өздерін түсіндіруге тырысады. Мен болса қиял құруда толығымен еркінмін. Оларды қалаған нәрсеге ұқсатуыма болады. Міне, анау тұрған Напальонның бас киімі. Ана жақта үш пері. Олардың аттары Үш сұлу болсын. Төменгі жақта жар бар. Құлағым келмейді. Алыстап барамын.

Алдымен үлкен бір қақпа шықты. Ішке кірдім. Керемет. Тағы екі алпауыт пері. Перілердің үйлері өз денелері болса, мен неге пері деп отырмын? Олардың үйі жоқ па? Ұясы? Пері сарайы? Ешқайсысы. Бір үйдің мұржасы болмай ма? Өмір деген мұржадан тұман шығу арқылы түсінікті болмай ма? Онда Пері мұржалары бұлар!

Екі пері мұржасы. Екеуі де үлкен, өте үлкен. Бір-бірімен жарысып тұрғандай. Көптеген бөлмелері бар. Сырттан солай көрінеді. Алға жылжыған сайын кішкентай пері мұржаларын көремін. Іштеріне мен де кіргім келеді. Бірақ қорқамын. Шақырылмаған қонақ секілді... рұқсат сұрай алмаймын ғой. Сол жақта, кішкентай біреуінің ішіне басымды сұқтым. Қабырғалары суреттерге толы. Ойықтар бар, бір нәрсе қою үшін болса керек. Ол жерден шығып, басқасына қарай жүрдім. Ешінде ешкім жоқ. Бірақ қабырғалары түрлі түсті суреттерге болы. Уақыт тоқтап қалғандай, бірақ өмір жалғасып жатқандай. Жүгіре бастадым. Басқа бір жерге келіппін. Айналам көгершінге толы. Барлығы сұр түсте, барлығы қуанышты. Тауға ұқсас пері мұржаларының үстінде жүз мыңдаған ойық бар. Ойықтар терезеге ұқсайды сырттан қарағанда. Көгершінде сонда кіріп шығып жүр. Сонда бұл көгершіндердің үйі болды ғой. Ертегі әлемінде осылай бола ма?

Енді басқа жерде тұр екенмін. Көрінбейтін бір күш-қуат «әлі көру керек көптеген жер бар, тездет» деп тұрғандай, артымнан итереді. Алдымнан тағы бір пері мұржасы шықты. Ішіне кірдім, баспалдақтары бар екен. Баспалдақтан түсіп келемін, түсіп келемін. Өте үлкен дөңгелек тас. Ортасы тесік. Бұл қақпа қызметін атқарады екен. Ішке кірсем, басқа бір үлкен тас. Бірақ бұл ұзын үстел секілді. Қабырғаларда үлкен үлкен ойықтар бар. Бұл жер асхана болу керек. Ойықтар да тоңазытқыш болуы керек. Себебі бұл жер салқын. Ал, иелері қайда сонда?

Бірақ жүргеннен кейін одан да ұзын баспалдақтар шықты алдымнан. Төменге түстім. Әрбір қабатта басқа бір бөлме бар. Шығуым керек деп ойладым. Бірақ жалықпадым. Соншама баспалдақпен төменге түссем де тыныс алуда қиыншылық шекпедім. Себебі кішігірім, бірақ өте терең бір дәліз ойылған екен. Бұл жерде өмір болған. Мен де құдайы қонақпын деп ойладым.

Ол жерден шықтым. Күн тап төбеде жарқырап тұр екен. Көзімнің жауын алды. Көргендерім де мені масауратты. Оянғым келмейді. Түстің ішінде ақиқаттамын. Әрбір шындық бір түс емес пе? Бүгін қиялдарым мені шаршатты. Мені ертегі әлеміне алып барды. Бұл менің жұмағым. Бұл жұмақтың аты – Каппадокия. Жұмақ менің елімде, Түркияда. Себебі Түркия-жұмақ. Оянсам да жұмақтамын, оянбасам да...[21]



[21] http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=fd11d848-eb86-4570-861d-00fb552ecd6f

Киелі домбыраның 20-дан астам түрлері бар[22]



Домбыра қазақ халқының саз аспаптарының ішінде шоқтығы биік, ерекшелігімен дара көрінетін аспабы.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркемсурет факультетінің сәндік қолөнер кафедрасының профессоры Жолаушы Тұрдықұловтың айтуынша, ол ел арасына кең тараған, түрлі шежіреге бай және ертеден келе жатыр.

«Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрлері бар. Олардың ішінде – ән мен күй домбырасы, торсық, тұмар, кең шанақты (екі нұсқасы), балдырған, балашық, шіңкілдек, аша, үш ішекті, қуыс мойын, шертер, оркестр домбыралары: қоңыр дауысты (альт), жіңішке дауысты (прима), ащы дауысты (секунда) бас домбыралар (екі нұсқасы) бар», – дейді ҚР мәдениет қайраткері Ж. Тұрдығұлов. Шебер-ұстаздың айтуынша, домбыра жасаудың қыр-сыры ғасырлар бойында атадан балаға, ұстаздан шәкіртке беріліп келе жатқан асыл мұра. Бейнет түбі-береке демекші, табанды ізденістер мен қажырлы жұмыстар домбыра жасаушыны шеберліктің шыңына жетелейді.

Домбыра – ән мен күйді тудырушы музкалық аспап болса, күй мен ән-жыр ата-бабамыздан қалған қазына. Ал халықтық дәстүрлі өнер – қазіргінің бұрынғы көзі. Ғасырдан ғасырға өзгерместен қаз-қалпында ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан тірі дәстүр. Ол ешқандай ғасырдың ағымына қарай ешқандай экологиялық, экономикалық, ғылыми-техникалық қиындыққа ұшырамауы керек. Халықтық қолөнер – халықтың жан дүниесінен пайда болған, көркем ойлар әлемі, – деді Жолаушы Тұрдығұлов.

[22] http://today.kz/kz/culture/2012-06-13/29138/

Қорқыт Ата[23]



Қорқыт ата (9 ғ.) — қобыз атасы деп табылады, композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылардың қамқоршысы. Қорқыт ата түрік дәстүрін, салтын, әдетін, сенімдерін, басқа халықтардан айырмашылығын, қысқасы, қоғамдық мінездемесін ертегілерінде айтқан, оны бүгінге дейін әдемілеп жеткізген ұлы өнерпаз. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Өмір сүрген ғасыры да даулы. Кейбір зерттеушілер оның Әзірет Пайғамбар заманында жасағанын айтады және ғылыми еңбектерінде бұл пікірді дәлелдейтін дастан бөлімдерін келтіреді. Ал кейбір зерттеушілер Қорқыт Атаның Оғыз түріктерінің ертекшісі және дастаншысы болғанын айтып, Қорқыттың бүгін қолымыздағы 12 дастан-хикаясынан пікірлерін дәлелдейтін деректер келтіреді.

Пертев Найили Боратов Қорқыт Ата ертегілері жөніндегі Ислам Энциклопедиясына жазған мақаласында бұл ертегілердің XV ғасырға дейін ауызша болып келгенін, ал XV ғасырдың екінші жартысында Аққойынлылар тарапынан жазылып алынғанын еске түсіріп, қолымыздағы бар мәтіндерде екі бөлек дәуірдің оқиғалары бейнеленгенін көрсетеді. Қыпшақ-оғыз түріктерінің Сырдария солтүстігінде отандарында IX-XI ғасыр арасында кешкен өмірлері осы ертегі-дастандарда көрсетіліпті.

Және бұл ертегі-дастандар жазылып алынған XV ғасырдағы Аққойынлы мемлекетінде болған оқиғаларды қамтиды. Қорқыт Ата ертегілерінің негізі қыпшақ-оғыз түріктерінің өмір-тұрмысына негізделген және осы заманның салт, әдет-ғұрып және дәстүр түрлерін көрсетеді. Бірақ нақ осындай салт-дәстүрмен жасаған Аққойынлылар ертелерді қағазға жазғанда кейбір хикаяларды ол күндердің оқиғаларына үйлестіре жасауы мүмкін. Кейбір ғылыми еңбектерде Қорқыт Атаның Пайғамбарға елші болып жіберілгені жазылды.

[23] http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt/

Бұл қосымшалардың түріктердің ислам дінін қабылдағаннан кейін жазылуы ықтимал. Қорқыт Ата қыпшақ-оғыз түріктерінің білгіші болып табылады. «Оғыз халқының басына қайыр келетінін сөйлеген едім» деп айтқан хикметтерінен түріктерге жол көрсеткені байқалады және оның бақсы болғандығы жөніндегі ықтималды күшейтеді. Бақсылар әрі ақын болатын, әрі өткен замандардың хикаяларын сөйлейтін, келешектен хабар беретін. Бақсы болғанының тағы бір дәлелі-қолындағы қобызы. Әдетте, қобыз-әулиелердің аспабы. Қазіргі заманда түркі халықтары арасында Қорқыт Ата дастаны кең тараған. Қорқыт Атаның біздің заманымызға дейін жеткен 12 хикаясы бар. Олардың сегізі ішкі және сыртқы соғыстар туралы. Екеуі ғашық оқиғалары жайында болса, екеуі мифологиялық сипатта.

Бірақ бәрі де түркі дүниесін шын сипатында көрсетеді. Түркі қауымының қаһармандығы, мәдениетін, мінезін, діни әдеттерін және тұрмыстарын ашып береді. Қорқыт Ата ертегілері мен дастандары-түркі мифологиясының қайнар көзі. Қорқыт VIII ғасырда Сыр бойында бұрынғы Жанкент қаласы маңында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші. Сонымен бірге ол туралы көптеген аңыздар сақталған. Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайтпас күрескер сипатында айтылады. Бірақ ол өмірінің соңында өлмейтін нәрсе жоқ екен деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді екен. Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде сияқты көрінеді. Ол күйлерін толласыз тартып, дүниеден өтеді.

Өзі өлгенмен артында күйлері, ұлғатты сөздері қалады. Ал әдебиет тарихында деректі түрде Қорқыт ата кітабы бар. Қорқыт ата кітабы осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан тұратын қолжазба күйінде және Италияда алты жырдан тұратын қолжазба күйінде сақталып келеді. Қорқыт ата кітабын VIII ғасырларда және одан да бұрын туған аңыздардың жинағы деуге болады. Оларды жыр түрінде жазған-Қорқыт ата. Кітапта қазақ халқының құрылуына тікелей қатысы бар, тарихта белгілі оғыз тайпаларының тағдырына байланысты оқиғалар баяндалады. Қорқыт ата кітабы мынадай жырлардан тұрады: — Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр, — Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жыр, — Оғыз қаған жыры т. б. Қорқыт ата кітабының жырлары оғыз тайпасының туған жерін, елін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырларының ерлігі туралы толғайды.

Дастанда ерлік, әділдік, адамгершілік, ата-ананы құрмет тұту, уәдеде тұру сияқты ізгі қасиеттер айтылады. Оның қаһармандары қорқақтық пен опасыздыққа, әдіпсіздік пен сарандыққа қарсы күреседі. Қорқыт ата кітабының қаһармандары мен олардың бастан кешкен оқиғалары осы идеяларды аша түседі. Жырлардың тең жартысынан астамы Қазан бектің ел қорғаған ерлігін, ел-жұртқа жасаған ізгілікті істерін жырлауға арналған. Ерлерше қару асынып, жаумен тайсалмай соғысқан Қазан бектің әйелі Бөрілі сұлу және оның ұлы Ораз ел басқарған Баяндыр хан, Дерсе хан, оның баласы Бұқаш, т. б. кейіпкерлер ерлікпен бірге ізгілік те танытады. Қорыта айтқанда, Қорқыт ата кітабы — әр түрлі жырлардың жинағы болса да, ерлік жасау мен ізгілік көрсетуді біртұтас өріп отырады. Қорқыт ата кітабында тәрбиелік құнары мол қанатты сөздер көптеп ұшырасады. Мысалы: Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі; Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды; Ат қиналмай жол шалмас; Көңілі пасық ерде дәулет болмас; Қар қаншама қалың жауғанмен — жазға бармас; Анадан өнеге көрмеген қыз; Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді, т. б.

Қолына қобыз ұстаған ұзан (абыз, жырау) елден елге жетеді – деп Қорқыт атаның өзі айтқандай, өнер-мәңгілік, ол елден елге, ұрпақтан ұрпаққа тарайды.

Қорқыт ата кім болған?[24]



Қорқыт Ата мазары[25]

Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңакент /Иеникент/ қаласында /VIII—IX ғ. ғ,/ өмір сүрген. Өз халқының, бақыты үшін ’Жер ұйығын" іздеп, көптің муддесін көздеген Қорқыт Ата — ақын, жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам. Бұл жаңа қала Сыр өзенінің Арал теңізіне құйылар жерінде тұрғандықтан, қазақ халқы оны Су аяғы — Ер қорқыт" деп те атаған. Тарихи жазба мәліметтер мен халық шежіресі бойынша Корқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын Баят дейтін рудан шыққан, ал шешесі қазақ құрамына кіретін қыпшақ қызы, оның туған жері қәзіргі Қостанай облысының Аят өзені.

Қорқыт мініп, жер дүниенің төрт бұрышын кезіп, аңызға айналған атақты Желмаяны онің шешесінің жақын туыстары сыйлаған. В. М. Жирмунскийдің айтуынша, Қорқыт Ата жыраулар мен жыршыларға тән көне халық поэзиясының ерекшеліктерін бойына сіңірген әнші-жырау әрі болжагыш ақылгөй болған. Оғыз-қыпшақ қогамының ішкі-сыртқы істерінің білгірі Қорқыт өз заманында төрт-бес хандықты басынан өткізіп солардың бәрінде де бас уәзірлік қызмет атқарып отырған. Олар: Инал хан, Дойлы хан, Көл- Еркі, Тұман хан және Каңлықожа. Хандарга күшті ықпал жасағандықтан, олар Корқыттың ақылды кеңесінен аса алмаған. Осы пікірді шығыс тарихын зерттеуші Әбілғазы да баса айтқан. Әр турлі аңыз-әңгімелерде Қорқыттың туған жылы мен жасы жөнінде әр түрлі пікір айтылады. Кейбір деректер Қорқытты 95 жыл

[24] http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt/
[25] http://kk.wikipedia.org/wiki wiki/Қорқыт_Ата

жасаған десе, кейбірінде — 195-ке, тіпті 400-ге келген деген болжам бар. Ал «Деде Қорқыт кітабында» Корқыттың өмір сүрген уақытын Мухаммед пайғамбардың заманына жақындатады «Расул ғалей һи уәс-салам заманына жақын Баят бойында Қорқыт Ата дейтін бір ер тұрыпты», — дейді ол кітапта.

Қазақтың аңыз-ертегілерінде Корқыттың туған күнін өте қорқынышты етіп көрсетеді. Ол күні алай-түлей боран соғады, нөсерлі жауын құяды, күн тұтылғандай, айналаны қара түнек басып, үш күнге дейін күннің көзі ашылмайды. Қаратауды қаптаған қалың бұлттан күн күркіреп, жұрттың құтын қашырып, зәресін ұшырады Халық аңыздары мен жазба деректерге және өзінің ғылыми еңбектеріне сүйенген қазақтың академик ғалымы Ә. Х. Марғұланның мәлімдеуінде Қорқыттың шешесі нәрестені тогыз күн ұдайы қатты толғатып, ерекше бір ғаламат қорқынышты жағдайда өмірге әкелгенін айтады. Сырдарияның жағасы мен Қаратаудың айналасын қара тұман бұлт басып, күн тұтылады.

Сондықтан Қорқыт туған бұл үрейлі қара түнек күнді халық «Қараспан» деп атаған. Сұрапыл дүлейден, қара түнектен, қорыққан халық жаңа туған балаға «Қорқыт» деп ат қойған. Мағынасы «Қорқыт, қорқытты» деген ұғым береді Махмуд Қашқаридың айтуынша,, халық өлеңдерінде, «Оғызнама» жырында Қорқыттың туғаны ерекше сипатталады. Мұны академик Ә. Х. Марғұлан да қуаттайды. Сырдарияға жақын Қаратау төңірегінде өмірге келген Қорқыт туғанда сөйлеп туыпты. Ол тауды Қарашық /Қаратау/ немесе «Қараспан» деп атаған. Бұл жөнінде халық аузында сақталған мынадай өлең де бар: Қорқыт туар кезінде, Қараспанды су алған, Қара жерді құм алған. Ол туарда ел қорқып, Туған соң әбден қуанған.

Қорқыт және қобыз[26]

Халық ақын-жыраулары өзінің сүйікті қобызына қосып, Қорқыттың туған күнін осылай жырлаған. Тағы бір қызық жайт: халық поэзиясында Қорқыт қазақтың ұлттық музыкалық аспабы — қобызды тұңғыш жасаушы ретінде жырланады Қобызды жасаушы да, тартушы да — Қорқыт. Жырда халықтың бұл тамаша аспабы — қыл қобыздың қандай заттардан, қалай жасалғаны да сипатталады. Мысалы:

Қарағайдын түбінен қайырып алған қобызым. Үйенкінін түбінен үйіріп алған, қобызым. Ақ қайынның безінен қағып алған, қобызым. Өзегінен кара емен ойып алған, қобызым. Қыл құйрығын тұлпардын ішек қылған, қобызым. Тау текенің мүйізін тиек қылған, қобызым. Ақ ырғайын қиянның құлақ қылған, қобызым. Ортекенің терісін сауыт қылған, қобызым. Ақ түйенің сүтімен — сылап алған, қобызым Сырынды ашып, үніңді сынап алған қобызым.

Өзі мықты, үні әдемі, сазды болуы үшін қазақ халқында қобыз аспабы күні бугінге дейін осы әдіспен жасалып келеді. Қазақтың аңыз-әңгімелерінде Қорқыт Атаның қалай өлгені, неден өлгені туралы да айтылады Солардың бірінде Қорқыт өлімнен қашып, Сырдария жағасына жайылған кілем үстінде жеп отырған жүзім ішінен қарақурт шығып, шағып өлтіреді. Енді бір аңыз-әңгімеде Қорқыт өлімге тосқауыл жасамақ болып, өмір жайын ән мен күйге қосып, Сыр суының жағасына төселген кілем үстінде қобызбен күй сарнатып отырады. Бір мезетте күйге елтіп, арбаған әбжылан Қорқыт қалғып кеткен кезде шағып алады да, Қорқыт Ата содан өледі.

[26] http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt/

«Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткішінен (9—10 ғғ.) Қорқыт атаның Оғыз мемлекетінде билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Оны Ш. Ш. Уәлиханов қазақтың алғашқы шаманы, алғашқы ақыны деп атайды. Қорқыт жайындағы аңыз әңгімелер Ә. Науаи арқылы белгілі болып, түркі халықтары, әсіресе қазақтар арасында кең тарады. Аңыздарда Қорқыт қобыз жасаған. Ол қобыздың музыкалақ дыбысталуынан үшкіру, ауа, сиқыр өткізген.

Қорқыттың пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалу керек. Адам үшін ең қауіптісі — адамилықты жоғалту. Сол аңыздарда Қорқыт жер-жаһанды кезіп, «басқа елден әркімге өз елінде жақсы» деген ой түйіндегенін байқауға болады. Оның айнымас досы сиқырлы Желмаясы болды.

Ескерткіші[27]

Қорқыт атаға арналып 1980 ж. Қызылорда облысының Жосалы стансасынан 18 km жерде, Қорқыт разъезінің түбінде архитектуралық ескерткіш орнатылды. Ауторлары — сәулетші Б. А. Ыбыраев, физикадан ғалым С. И. Исатаев. Ескерткіш темір бетоннан жасалған 4 тік көктастан (стеладан) тұрады, биіктігі 8 m. Жоғарғы жағында аузы кең түтіктер орнатылған. Аузы кең орталық тесікке келіп түйісетін 40 металл түтік жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады.

Қобыз атасы, композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылардың қамқоршысы. «Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткіштерінен IX-X ғасырларда билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Оны Ш. Ш. Уәлиханов қазақтың алғашқы шаманы, алғашқы ақыны деп атайды. Қорқыт жайындағы аңыз әңгімелер Ә. Науаи арқылы белгілі болып, түркі халықтары, әсіресе қазақтар арасында кең тарады. Уәлихановтық-потаниндік түсіндірме «қорқыт» сөзі — адамзат тұрмысының жағдайын көрсететін «қорқыту» сөзінен шыққан деп түсіндіреді. Өлімнен қорқу мен одан қашу — шаман халық аңыздарының жемісі. Аңыздарда Қорқыт қобыз жасаған. Ол қобыздың музыкалық дыбысталуынан үшкіру, ауа, сиқыр өткізген.

Сол аңыздарда Қорқыт жер-жаһанды кезіп, «басқа елден әркімге өз елінде жақсы» деген ой түйіндегенін байқауға болады. Оның айнымас досы сиқырлы Желмаясы болды. «Қорқыт ата кітабы» — кейіннен түркі халқының құрамына қосылған оғыз тайпасының эпикалық жазба ескерткіші, Кітап оғыздардың өмірі жайында баяндайды. Оғыз — қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған. Кітаптың араб әрпімен жазылған екі нұсқасы саққалған (Дрезден, Ватикан). Кітапта қазіргі қазақ тілінде кездесетін географиялық атаулар көптеп кездеседі. Мұраның орыс тіліне толық аудармасын В. В. Бартольд 1922 жылы жасады, ол 1962 ж. жарық көрді.

Қорқыт атаның кесенесі[28]

Қорқыт Атаның сегіз қырлы күмбезді мазары қәзіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты теміржол станциясына жақын Сырдария өзенінің жағасына /IX—XI ғ./ орнатылған. Мазардың сыртқы көрінісі қазақтың киіз үйі сияқты дөңгелек. Ә. А. Диваев пен И. А Кастаньенің зерттеуі бойынша /IX ғ. / мазар кірпіштен салынған. Ішкі жағы қазақтың түрлі оюларымен безендіріліп, кереге, уықтар бейнеленген. XIX ғасырдың аяғында Қорқыттың

---

[27] http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt/
[28] http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt/

табыты басқа жерге көшірілгең, мазарының қалдықтарын Сыр суы шайып әкеткен. Соңғы жылдары /1978—1980/ Қазақстан Республикасы тарихи және мәдени ескерткіштерді қоргау қоғамы Орталық советі Президиумының шешімі бойынша арнайы қаржы босатылып, Қорқытқа мәңгі ескерткіш орнатылды.

Алматылық жас архитектор Ибраев Бектің жобасы бойынша жүзеге асырылған, қазақтың көне музыкалық аспабы — қыл қобыз бейнеленген бұл ескерткіш желмен бірге ыңылдап, үн салып тұрады. Ескерткіш Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының теміржол станциясына жақын жерден бой көрсетеді. Қорқыт Ата мазарын 1898 жылы қазақтың көрнекті фольклорисі, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің белгілі жинаушысы Ә. Диваев түсіріп алған екен. Сол фото-сурет Стамбул университетінің профессоры М. Ергиннің /Китаби Қоркыт/ еңбегінде пайдаланылған.



Muhammet NEGİZ, Uludağ Üniversitesi İşletme Bölümü (2009)mezunudur. 2010 yılında Milli Eğitim Bakanlığı bursu ile bir yıl Saint Petersburg Devlet Üniversitesi Filoloji Fakültesi'nde Rusça hazırlık eğitimi almıştır. Yüksek lisans eğitimini Erzincan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü'nde tamamlamıştır. Doktora eğitimine aynı kurumda devam etmektedir.

Halen, Erzincan Üniversitesi İktisadi ve İdari Bilimler Fakültesi İşletme Bölümü Yönetim ve Organizasyon Anabilim Dalı'nda Araştırma Görevlisi ve Erzincan Üniversitesi Abay Kazak Dil ve Kültür Merkezi'nde Koordinatör Yardımcısı olarak çalışmıştır.

E-Posta mnergiz@live.com

Telefon (+90) 446 225 20 92 /41022

Facebook www.facebook.com/Muhammet.Negiz

KAYNAKÇA

Ahmatova, A., Kazakça Dilbilgisi, Metinler, Kelimeler (32 sayfanın tamamı tercüme edilmiştir).

http://kaz-tili.kz/glag1.htm

http://kaz-tili.kz/glag2.htm

http://kaz-tili.kz/glag3.htm

http://kaz-tili.kz/glag4.htm

http://kaz-tili.kz/glag5.htm

http://kaz-tili.kz/glag6.htm

http://kaz-tili.kz/glag7.htm

http://kaz-tili.kz/glag8.htm

http://kaz-tili.kz/glag9.htm

http://kaz-tili.kz/glag10.htm

http://kaz-tili.kz/glag11.htm

http://kaz-tili.kz/glag12.htm

http://kaz-tili.kz/glag13.htm

http://kaz-tili.kz/textposl06.htm

http://kaz-tili.kz/textposl05.htm

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=07f0e17b-7743-464c-9a0d-af668c0d3ea2

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=8db72081-ba76-4966-80f3-bef07c7e263f

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=aed249d0-941f-4535-a5ca-f60597421be0

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=2b078a20-fde3-41dd-9e74-f68c21c930de

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=9be2afbb-9c99-4eee-9909-d9c788512a87

http://www.trtkazakh.com/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu=fd11d848-eb86-4570-861d-00fb552ecd6f

http://today.kz/kz/culture/2012-06-13/29138/

http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/korkyt

http://kk.wikipedia.org/wiki wiki/Қорқыт_Ата



"Geçmişin bir önemi yok. Şu anda kim olduğunu bil ki, böylece geleceği de yönetebilirsin." Camelot

"Geçmişi değiştiremezsin ama, gelecek daha elinin içindedir." H. WHITE